

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде ашылатын, мемлекеттік сыртқы заемдардың қаражаты мен гранттардың есебінен қаржыландырылатын Инвестициялық жобалардың арнайы шоттары жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 20 наурыздағы N 149 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 26 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1480. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 100 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 100 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен

Мемлекеттік сыртқы заемдардың қаражаты мен гранттардың есебінен қаржыландырылатын Инвестициялық жобалардың арнайы шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібін регламенттеу және мемлекеттік сыртқы борышты басқаруды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде ашылатын, мемлекеттік сыртқы заемдардың қаражаты мен гранттардың есебінен қаржыландырылатын Инвестициялық жобалардың арнайы шоттары жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Мемлекеттік қарыз алу департаменті (А.Ғ.Дунаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. "Мемлекеттік сыртқы заемдардың қаражаты және Халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдардың гранттарының есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде ашылатын арнайы шоттары жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 178 және 2000 жылғы 28 маусымдағы N 304 бұйрықтар жойылсын.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

"Келісілген"

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

**Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде
ашылатын мемлекеттік сыртқы заемдар мен гранттардың қаражаты
есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың арнайы
есепшоттары жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҚ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Нұсқаулық екінші деңгейдегі банктерде мемлекеттік сыртқы заемдардың қаражаты мен гранттар есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалар бойынша арнайы есепшоттар ашу, жүргізу және жабу ерекшеліктерін белгілейді.

2. Инвестициялық жобаның арнайы есепшоты - мемлекеттік сыртқы заемның/гранттың қаражатынан аванстық төлемдер арқылы жаңартылатын және бюджеттік бағдарламаның әкімі инвестициялық жоба бойынша заем/грант туралы келісімге сәйкес инвестициялық жобаны қаржыландыру үлесін мемлекеттік сыртқы заемның/гранттың қаражатынан мөлшерлі шығынмен өтеу үшін ашатын банктік валюта есепшоты. Инвестициялық жобалардың арнайы есепшоттарын пайдалану мемлекеттік сыртқы заемдар/гранттар бойынша жедел төлемдердің жүзеге асырылуын және олардың ұдайы толықтырылуын көздейді.

3. Инвестициялық жобаның арнайы есепшотының негізгі мақсаты қолма-қол ақша ағынына байланысты проблемаларды және білу және инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік сыртқы заемның/гранттың қаражатын төлеуді жүзеге асыруға әзір тұру болып табылады.

4. Инвестициялық жоба бойынша бюджеттік бағдарламаның әкімі - заем/грант туралы келісім бойынша* Атқарушы Агенттік болып табылатын, бюджеттік бағдарламаны мемлекеттік сыртқы заемның/гранттың қаражатынан қаржыландырылатын инвестициялық жоба бойынша іске асыратын мемлекеттік мекеме (бұдан әрі - Әкім) -----

* - Осы жерде және бұдан әрі жобаларды дайындауға аванстар беру туралы келісім-хаттар да заем туралы келісім деп айтылады

5. Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына мемлекеттік сыртқы заемның/гранттың қаражатын авансылаудың ең жоғары лимиті Заем/грант туралы келісімде айтылатын санкцияланған сома деп аталады.

6. Мөлшерлі шығыстар - тауарларды, қызметті, жұмысты сатып алуға арналған және инвестициялық жобаға әкімшілік жүргізуге арналған шығыстар оны қаржыландыру заем туралы тиісті келісімде көзделген.

7. Шетелдік несие беруші/донор - Қазақстан Республикасының Үкіметіне заем/грант қаражатын ұсынатын Халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдар, шет мемлекеттердің үкіметтері, шетелдік банктер.

8. Қойылатын қолдардың бірінші тобы - республикалық бюджеттің бюджеттік бағдарламалары шеңберінде мемлекеттік сыртқы заем/грант қаражатын пайдалануды реттеу мақсатында мемлекеттік сыртқы заемның/гранттың есепшотынан қаражат алуға арналған өтінімдерге қол қоюға уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалардың қолдары.

9. Қойылатын қолдардың екінші тобы - мемлекеттік сыртқы заемның/гранттың есепшотынан қаражат алуға арналған өтінімдерге қол қоюға уәкілеттік берілген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мақсатты пайдаланылуына жауапты лауазымды тұлғалардың қолдары.

Бұл анықтамалар тек осы Нұсқаулыққа ғана қатысты қолданылады.

2. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ АРНАЙЫ ЕСЕПШОТЫН АШУ

10. Инвестициялық жобаның арнайы есепшотын тек заем/грант туралы келісімнің және осы Нұсқаулықтың шарттарында көзделген жағдайда және тәртіппен ғана ашуға болады.

11. Инвестициялық жобаның арнайы есепшотын Әкім Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің бірінде ашады. Осы мақсаттар үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржы министрлігі) белгілеген өлшемдер бойынша Инвестициялық жобалардың арнайы есепшоттарын ашу үшін Қаржы министрлігіне екінші деңгейдегі банктердің тізімдерін ұсынады.

12. Инвестициялық жобалардың арнайы есепшоттарын ашу үшін екінші деңгейдегі банктердің тізімін Қаржы министрлігі Әкімге ресми түрде сұрауы бойынша 30 күн ішінде береді.

13. Екінші деңгейдегі банкте Инвестициялық жобаның арнайы есепшотын ашу Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (бұдан әрі - Қазынашылық комитеті) екінші деңгейдегі банкте Инвестициялық жобаның арнайы есепшотын ашу үшін Әкімге берген рұқсаттың негізінде екінші деңгейдегі банк пен Әкім арасындағы банктік есепшоттың шарты (бұдан әрі - шарт) бойынша жүргізіледі (1-қосымша). Бұл ретте шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Нұсқаулыққа сәйкес жасалған болуы тиіс.

14. Инвестициялық жобаның арнайы есепшотын ашуға арналған рұқсат бір жыл мерзімге беріледі. Рұқсат беруді, сондай-ақ рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзартуды Әкімшінің ресми түрде сұрауы бойынша Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қарыз алу департаментінің (бұдан әрі - Мемлекеттік қарыз алу департаменті) өтініш-хаты негізінде 20 күн ішінде Қазынашылық комитеті

жүргізеді. Бұл ретте өтініш-хат мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

Әкімнің толық атауы;
мемлекеттік сыртқы заемның/гранттың атауы;
заем/грант туралы келісімнің нөмірі, сомасы және қол қойылған
Инвестициялық жобаның арнайы есепшотын ашу заем/грант туралы келісімнің
шарттарында көзделгендігі туралы растама;
Әкімді қаржыландыруға жұмсалатын бюджеттің түрі;
осы Нұсқаулықтың 19-тармағына қатысты ағымдағы теңгелік және
валюталық есепшоттар Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына
ашылатындығына растама;
рұқсаттың қолданылатын мерзімін ұзартуға қатысты - ұзарту қажет болатын
с е б е п т е р .

15. Шарт жасасу үшін Әкім екінші деңгейдегі банкке:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген қолдары мен
мөртаңбаларының үлгілері бар құжатты;

Әкімнің салықтық есепке тұру фактісін растайтын салық қызметі органы
берген белгіленген нысандағы құжатты;

Әкімнің мемлекеттік тіркеуден өту (қайта тіркелу) фактісін растайтын
уәкілетті орган берген белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесін;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген
Әкім туралы ереженің көшірмесін;

Қазынашылық комитетінің Инвестициялық жобаның арнайы есепшотын
ашуға берген рұқсатын;

осы Нұсқаулықтың 19-тармағына сәйкес Инвестициялық жобаның арнайы
есепшотына ағымдағы теңгелік және валюталық есепшоттар ашқан кезде
Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік немесе
валюталық есепшоттар ашуға берілген рұқсатты ұсынуы тиіс.

16. Инвестициялық жобаның арнайы есепшоты заем/грант туралы келісімде
айтылған шетелдік валютамен жүргізіледі.

17. Инвестициялық жобаның арнайы есепшотын ашқан кезде Әкім
есепшоттың арнайы сипаты туралы және ашылатын банктік есепшот мемлекеттік
сыртқы заемның/гранттың қаражатынан қаржыландырылатын Инвестициялық
жобаның арнайы есепшоты болып табылатындығы туралы екінші деңгейдегі
банкті хабардар етуі тиіс.

18. Инвестициялық жобаның арнайы есепшоты жүргізілетінінен өзгеше
ұлттық валютамен және шетелдік валютамен төлемдерді жүзеге асыру үшін Әкім
сол екінші деңгейдегі банкте:

ұлттық валютамен төлемдерді жүзеге асыру үшін Инвестициялық жобаның
арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік есепшот;

Инвестициялық жобаның арнайы есепшоты жүргізілетінінен өзгеше шетелдік валютамен төлемдерді жүзеге асыру үшін Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына валюталық есепшот аша алады.

19. Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік немесе валюталық есепшот ашу екінші деңгейдегі банкте Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік және валюталық есепшот ашуға Қазынашылық комитеті берген рұқсаттар негізінде ғана осы Нұсқаулықтың 13-тармағына сәйкес жүргізіледі (2 және 3-қосымшалар). Мұндай рұқсаттарды беру осы Нұсқаулықтың 14-тармағына сәйкес жүргізіледі.

3. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ АРНАЙЫ ЕСЕПШОТЫН ЖҮРГІЗУ

20. Екінші деңгейдегі банкте Инвестициялық жобаның арнайы есепшотын ашқаннан кейін Әкім мемлекеттік сыртқы заемды/грантты авансылау қаражатын Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына есепке алуды жүргізеді. Инвестициялық жобаның арнайы есепшотының бастапқы авансы және кейінгі аванстық толықтырулар санкцияланған сома шегінде жүзеге асырылады.

21. Инвестициялық жобаның арнайы есепшотының бастапқы авансын және кейінгі толықтыруларды, сондай-ақ Инвестициялық жобаның арнайы есепшотынан мемлекеттік сыртқы заемды/грантты авансылау қаражатын жұмсау жөніндегі есепті тіркеу үшін Әкім шетелдік несие берушіге/донорға қолдардың бірінші тобында Қаржы министрлігі, ал қолдардың екінші тобында Әкім куәландырған заем/грант туралы келісімде айтылған нысан бойынша және рәсімдерге сәйкес тиісті өтінім жасауы тиіс.

22. Толықтыруға арналған немесе Инвестициялық жобаның арнайы есепшотынан мемлекеттік сыртқы заемды/грантты авансылау қаражатын жұмсау туралы есеп бойынша өтінімдерде бірінші топтың қолдарын алу үшін Әкім Қаржы министрлігіне заем/грант туралы келісім бойынша қабылданған рәсімдерге сәйкес шетелдік несие берушіге/донорға міндетті түрде берілетін құжаттарды, сондай-ақ Инвестициялық жобаның арнайы есепшотынан есепті сома бойынша Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік немесе валюталық есепшоттың қаражатын есептен шығаруға арналған төлем тапсырмаларының көшірмелерін екінші деңгейдегі банкке беруі тиіс. Бұл ретте Қаржы министрлігі Әкімнен есепті сома бойынша кез келген басқа құжаттарды берудің сұрауға құқылы.

23. Толықтыруға берілген өтінімдерді немесе Инвестициялық жобаның арнайы есепшотынан мемлекеттік сыртқы заемды/грантты авансылау қаражатын жұмсау туралы есеп бойынша өтінімдерді Әкім шетелдік несие берушіге/донорға кемінде үш айда бір рет немесе заем/грант туралы келісімде көзделген өзге мерзімде жіберіп отыруы тиіс. Әкім осы шартты бұзған жағдайда Қаржы министрлігі ол жағдай жөнделгенге дейін мемлекеттік сыртқы заемның

есепшотынан қаражат алуды тоқтата тұруға құқылы.

24. Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына осы есепшоттан бұрын жүргізілген шығыс операциялары бойынша қаражатты қайтару жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік сыртқы заемның/гранттың қаражатынан авансыланатын толықтырулардан өзге қаражатты есепке алуға болмайды.

25. Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік немесе валюталық есепшотқа осы есепшоттардан бұрын жүргізілген шығыс операциялары бойынша қаражатты қайтару жағдайларын қоспағанда, инвестициялық жобаның арнайы есепшотынан ұлттық немесе шетелдік валютамен инвестициялық жоба бойынша шығыстарды қаржыландыру үшін мемлекеттік сыртқы заемды авансылаудың айырбасталынған қаражатынан өзге қаражатты есепке алуға болмайды.

26. Әкімнің Инвестициялық жобаның арнайы есепшотынан Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік немесе валюталық есепшоттан төлемдерді жүзеге асыруы тек заем/грант туралы келісімде айтылған шарттарға және мақсаттарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

27. Инвестициялық жобаның арнайы есепшоты, Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік немесе валюталық есепшот бойынша операцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шарттың негізінде екінші деңгейдегі банк жүргізеді.

28. Шартқа сәйкес екінші деңгейдегі банк Инвестициялық жобаның арнайы есепшотындағы немесе Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік немесе валюталық есепшоттағы қалдыққа есептелетін сыйақыларды (мүдделерді), сондай-ақ шартқа сәйкес екінші деңгейдегі банк төлейтін өсімақыларды тиісінше 201204 және 203109 кодтар бойынша екінші деңгейдегі банктің республикалық бюджетке есепке алуы тиіс. Бұл ретте екінші деңгейдегі банктің республикалық бюджетке мұндай төлемдерді жасау міндеті шартта көзделуі тиіс.

Қаржы министрлігі кемінде тоқсанына бір рет Әкімнің атынан шартта белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке тиесілі төлемдер жасалатын шарттың ережелерін екінші деңгейдегі банктің орындауы бойынша тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

29. Инвестициялық жобаның арнайы есепшоты бойынша, Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына теңгелік немесе валюталық есепшот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру немесе осы есепшоттардағы ақшаға тыйым салу банктік есепшоттағы шығыс операцияларын тоқтата тұруға немесе екінші деңгейдегі банк клиентінің банктік есепшоттағы ақшасына тыйым салу құқығын иеленетін уәкілетті органдардың тиісті шешімдерінің (қаулыларының) негізінде Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жүргізіледі.

Әкімге Қазынашылық комитеті осы есепшоттарды ашуға берген рұқсаттардың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда, екінші деңгейдегі банк шартта көзделген тәртіппен Арнайы есепшот бойынша, Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына теңгелік немесе валюталық есепшоттар бойынша операцияларды тоқтатады.

30. Инвестициялық жобаның арнайы есепшоты бойынша, Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына теңгелік немесе валюталық есепшот бойынша шығыс операциялары тоқтатылған жағдайда Әкім үш күндік мерзімде мұндай жазалау шаралары қолданылатыны туралы Қаржы министрлігін хабардар етуге міндетті.

31. Инвестициялық жобаның арнайы есепшоты, Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік немесе валюталық есепшот бойынша операцияларды жаңарту уәкілетті органдардың осы есепшоттардағы ақшаға тыйым салу немесе осы есепшоттардағы шығыс операцияларын тоқтату туралы шешімдердің (қаулылардың) күшін жою туралы тиісті жазбаша хабарламалары негізінде жүргізіледі.

Әкім екінші деңгейдегі банкке Қазынашылық комитетінен шартта көзделген тәртіппен осы есепшоттарды ашуға арналған рұқсаттардың қолданылу мерзімін ұзарту туралы жазбаша хабарлама ұсынған жағдайда, екінші деңгейдегі банк Инвестициялық жобаның арнайы есепшоты бойынша, Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына теңгелік немесе валюталық есепшоттар бойынша жаңартады

2. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ АРНАЙЫ ЕСЕПШОТЫН ЖАБУ

32. Инвестициялық жобаның арнайы есепшотын, Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік және валюталық есепшоттарды екінші деңгейдегі банк Әкімнің осы есепшоттарды ашуына Қазынашылық комитеті берген рұқсат қайтарып алынған жағдайда шартта көзделген тәртіппен жабады.

33. Қазынашылық комитетінің Инвестициялық жобаның арнайы есепшотын, Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік және валюталық есепшоттарды ашуға берілген рұқсатты қайтарып алуы Мемлекеттік қарыз алу департаментінің өтініш-хатының негізінде мынадай жағдайларда жүргізіледі:

занды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне тиісті жазба енгізілгеннен кейін Әкім таратылған немесе қайта ұйымдастырылғанда;

мемлекеттік сыртқы заем/грант жабылғанда. Бұл ретте Әкім шетелдік несие беруші/донор алдында Инвестициялық жобаның арнайы есепшотынан мемлекеттік сыртқы заемды/грантты авансылау қаражатының заем/грант туралы келісімде көзделген рәсімдерге сәйкес жұмсалуды жөнінде есеп беруге, ал Инвестициялық жобаның арнайы есепшотындағы, Инвестициялық жобаның

арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік және валюталық есепшоттардағы пайдаланылмаған қалдықты мемлекеттік сыртқы заем/грант есепшотына аударуға міндетті;

шарттың қолданылуы тоқтатылғанда;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда жүргізіледі.

5. ЕСЕП БЕРУ

34. Ай сайын есеп берілетін кейінгі айдың онына дейін Әкім Қаржы министрлігіне Инвестициялық жобаның арнайы есепшотындағы қаражаттың қозғалысы туралы (4-қосымша) екі данада есеп беруі тиіс, оның біреуі Мемлекеттік қарыз алу департаментіне, ал екіншісі Қазынашылық комитетіне жіберіледі. Бұл ретте Әкім Инвестициялық жобаның арнайы есепшотындағы қаражаттың қозғалысы туралы есеппен бірге мыналарды:

Инвестициялық жобаның арнайы есепшотындағы қаражаттың қозғалысы туралы есеппен байланыстырылатын, дәл сол нысанда Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік және/немесе валюталық есепшоттардағы қаражаттың қозғалысы туралы есепті (5 және 6-қосымшалар);

Әкімнің банктік есепшоттарынан есепті кезеңнің аяғында Инвестициялық жобаның арнайы есепшотындағы, Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік және/немесе валюталық есепшоттағы қалдықтарды растайтын көшірмелерді беруі тиіс.

35. Қаржы жылы аяқталған соң келесі жылдың оныншы қаңтарына дейін Әкім Қаржы министрлігіне осы Нұсқаулықтың 34-тармағында көзделген тәртіппен Инвестициялық жобаның арнайы есепшотындағы қаражаттың қозғалысы туралы жылдық есеп береді (4-қосымша).

36. Қаржы министрлігіне Инвестициялық жобаның арнайы есепшотындағы, Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік және валюталық есепшоттардағы қаражаттың қозғалысы туралы есеп берудің алдында осы Нұсқаулықтың 34 және 35-тармақтарына сәйкес, есепті деректердегі ықтимал алшақтықтарды реттеу мақсатында Әкім осы есепшоттарға қызмет көрсетілетін екінші деңгейдегі банкпен бірге оларға салыстыру жүргізуі тиіс. Бұл ретте мұндай салыстыру екінші деңгейдегі банктің белгілерімен расталуы тиіс.

37. Әкім шарт жасасқан кезде екінші деңгейдегі банктің әрбір айдың 15 және 30-күндеріндегі жағдай бойынша Қазынашылық комитетіне Инвестициялық жобаның арнайы есепшотынан, Инвестициялық жобаның арнайы есепшотына ағымдағы теңгелік және/немесе валюталық есепшоттан есепті кезеңде Әкім жүргізген барлық операциялар көрсетілетін көшірмелерді беру міндетін көздеуі тиіс.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

38. Әкім мемлекеттік сыртқы заем қаражатын Инвестициялық жобаның арнайы есепшотынан жұмсаған немесе оны толықтырған кезде оның мақсатты пайдалануы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жауап береді.

1-қосымша

----ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің бланкісі----

(Қазақстан Республикасының
екінші деңгейдегі банкінің атауы)
РҰҚСАТ

_____ бюджетте ұсталатын

—
_____ (мемлекеттік мекеменің атауы)

—
_____ (қаражаттың түсу көзі мен түрі)

_____ есепке алу және

_____ инвестициялық

жобаны

(инвестициялық жобаның атауы)

іске асыру мақсаттарына жұмсау үшін Инвестициялық жобаның арнайы шотын ашуға (Инвестициялық жобаның арнайы шотының әрекет ету мерзімін ұзартуға) рұқсат етіледі. Көрсетілген қаражаттың түсуі және жұмсалуды

—
(Заем/грант туралы келісімнің немесе осы қаражатты алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін басқа да құқықтық кесімдердің нөмірі мен күні) негізінде жүргізіледі.

ҚР Қаржы министрлігі

Қазынашылық комитетінің басшысы

(қолы)

Қаржылық болжамдар және
үкіметтік борыш пен резервке
қызмет көрсету басқармасының

_____ М.О.

бастығы

_____ (қолы)

ҚР ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКІНІҢ БЕЛГІЛЕРІ

Рұқсат 200__ жылғы " __ " _____ алынды.

Шот N _____

Операциялық басқарманың бастығы

_____ (қолы)

2-қосымша

----ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің бланкісі----

(Қазақстан Республикасының
екінші деңгейдегі банкінің атауы)
РҰҚСАТ

_____ бюджетте
ұсталатын

(мемлекеттік мекеменің атауы)

(қаражаттың түсу көзі мен түрі)

_____ есепке алу
және

_____ инвестициялық
жобаны

(инвестициялық жобаның атауы)

іске асыру мақсаттарына жұмсау үшін Инвестициялық жобаның арнайы шотына ағымдағы теңгелік шот ашуға (Инвестициялық жобаның арнайы шотының әрекет ету мерзімін ұзартуға) рұқсат етіледі. Көрсетілген қаражаттың түсуі және жұмсалуды

(Заем/грант туралы келісімнің немесе осы қаражатты алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін басқа да құқықтық кесімдердің нөмірі мен күні) негізінде жүргізіледі.

ҚР Қаржы министрлігі

Қазынашылық комитетінің басшысы _____

(қолы)

Қаржылық болжамдар және
үкіметтік борыш пен резервке
қызмет көрсету басқармасының
бастығы _____

М.О.

(қолы)

ҚР ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКІНІҢ БЕЛГІЛЕРІ

Рұқсат 200__ жылғы " __ " _____ алынды.

Шот N _____

Операциялық басқарманың бастығы _____

(қолы)

М.О.

3-қосымша

----ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің бланкісі----

(Қазақстан Республикасының
екінші деңгейдегі банкінің атауы)
РҰҚСАТ

_____ бюджетте
ұсталатын

(мемлекеттік мекеменің атауы)

(қаражаттың түсу көзі мен түрі)

_____ есепке алу
және

_____ инвестициялық
жобаны
(инвестициялық жобаның атауы)

іске асыру мақсаттарына жұмсау үшін Инвестициялық жобаның арнайы шотына (валютаның атауы) шот ашуға (Инвестициялық жобаның арнайы шотының әрекет ету мерзімін ұзартуға) рұқсат етіледі. Көрсетілген қаражаттың түсуі және жұмсалуды

(Заем/грант туралы келісімнің немесе осы қаражатты алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін басқа да құқықтық кесімдердің нөмірі мен күні) негізінде жүргізіледі.

ҚР Қаржы министрлігі

Қазынашылық комитетінің басшысы

(қолы)

Қаржылық болжамдар және
үкіметтік борыш пен резервке
қызмет көрсету басқармасының
бастығы

М.О.

(қолы)

ҚР ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКІНІҢ БЕЛГІЛЕРІ

Рұқсат 200__ жылғы "___" _____ алынды.

Шот N _____

Операциялық басқарманың бастығы

(қолы)

М.О.

4-қосымша

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ АРНАЙЫ ШОТЫНДАҒЫ ҚАРАЖАТТЫҢ
ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ

ЕСЕП

200 ___ ЖЫЛҒЫ _____

ЗАЙМ N:

БАНК:

ӘКІМШІ:

NN Кіріс қалдық ! Түсімдер

шот валю.!бағамы !теңгемен ! Күні! Жөнелтуші! шот валю.!бағамы!теңгемен
тасында ! ! ! ! ! тасында ! !

ЖИЫНЫ

Таблицаның жалғасы

ШЫҒЫС

! ШЫҒЫС қалдық

Күні! Бенефи.!Төлемнің ! шот !бағамы !теңге. ! шот ! бағамы !теңге.
! циар !тағайын. !валюта.! ! мен !валюта.! ! мен
! ! дауы ! сында! ! ! сында ! !

ЖИЫНЫ

Ескертулер: - Осы есепке инвестициялық жоба бойынша
бюджеттік бағдарлама әкімшісінің
бірінші басшысы не оның орынбасарларының
бірі қол қоюы тиіс;
- Есепте ҚР Ұлттық Банкінің операция күнгі
бағамы қолданылсын

Екінші деңгейдегі банктің белгілері

Шот: _____

Операциялық басқарманың бастығы _____

Жауапты орындаушы _____

М.О.

5-қосымша

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ АРНАЙЫ ШОТЫНА ТЕҢГЕМЕН

№ _____ ШОТТАРЫ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ
ЕСЕП

200 ____ ЖЫЛҒЫ ____

ЗАЙМ N:

БАНК:

ӘКІМШІ:

NN Кіріс қалдық ! Түсімдер

теңгемен!бағамы !АҚШ долл. ! Күні! Жөнелтуші!теңгемен!бағамы!АҚШ долл.

ЖИЫНЫ

Таблицаның жалғасы

Шығыс ! Шығыс қалдық

Күні! Бенефи.!Төлемнің ! теңге. !бағамы ! АҚШ ! теңге. ! бағамы ! АҚШ

! циар !тағайын. ! мен ! !долл. ! мен ! ! долл.

! ! дауы ! ! ! ! ! !

ЖИЫНЫ

Ескертулер: - Осы есепке инвестициялық жоба бойынша
бюджеттік бағдарлама әкімшісінің
бірінші басшысы не оның орынбасарларының
бірі қол қоюы тиіс;
- Есепте ҚР Ұлттық Банкінің операция күнгі
бағамы қолданылсын

Екінші деңгейдегі банктің белгілері

Шот: _____

Операциялық басқарманың бастығы _____

Жауапты орындаушы _____

М.О.

6-қосымша

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ АРНАЙЫ ШОТЫНА (ВАЛЮТАНЫҢ
АТАУЫ) N _____

ШОТТАРЫ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

200__ жылғы _____

ЗАЙМ N:

БАНК:

ӘКІМШІ:

NN Кіріс қалдық ! Түсімдер

шот !АҚШ ! АҚШ !тең. !тең.!Күні!Жөнел.! шот !АҚШ !АҚШ !тең. !тең.
валю. !долл.!долл.!геге !ге. ! !туші !валю. !долл.!долл.!геге !гемен
тасын.!бағам! !бағам!мен ! ! !тасын.!бағам! !бағам!
да ! ! ! ! ! ! !да ! ! ! !

ЖИЫНЫ

Таблицаның жалғасы

Шығыс ! Шығыс қалдық

Күні!Бене.!Төлем.!шот. !АҚШ !АҚШ !тең. !тең!шот !АҚШ !АҚШ !тең. !тең.
!фици.!нің !валю.!долл.!долл.!ге. !ге.!валю.!долл.!долл.!ге. !ге.
!ар !тағай.!та. !бағам! !бағам!мен!та. !бағам! !бағам!мен
! !ындауы!сында! ! ! ! !сында! ! ! !

ЖИЫНЫ

Ескертулер: - Осы есепке инвестициялық жоба бойынша
бюджеттік бағдарлама әкімшісінің
бірінші басшысы не оның орынбасарларының
бірі қол қоюы тиіс;
- Есепте ҚР Ұлттық Банкінің операция күнгі
бағамы қолданылсын

Екінші деңгейдегі банктің белгілері

Шот: _____

Операциялық басқарманың бастығы _____

Жауапты орындаушы _____
М.О.

Мамандар:

Икебаева А.Ж.

Жұманазарова А.Б.